

Шымкент қаласының білім басқармасының
№117 «Алтынтобе» жалпы
орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

160607 Шымкент қаласы, 293 кв, 5 ғимарат
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Коммунальное государственное
учреждение
«Общеобразовательная средняя
школа №117 Алтынтобе»
управление образования города
Шымкент

160607 город Шымкент, 293 кв здания 5
тел: 8(7252)28-08-60
E-mail zhanbyrshy53 @ mail. ru

Бұйрық № //

Приказ № //

2024 жыл 09 қаңтар
Шымкент қаласы

2024 год 09 январь
город Шымкент

**«Үштік одақ: Мектеп-Оқушы- Ата – ана.» ынтымақтастығын
нығайтуға бағытталған іс – шаралар жоспары туралы**

Ата – аналардың мектеппен байланысын қалыптастыру, отбасындағы бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін, тәжірибесін арттыру, отбасы құндылықтарын сақтау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мектепте «Үштік одақ: Мектеп. Оқушы. Ата – ана.» ынтымақтастығын нығайтуға бағытталған іс – шаралар жоспары жасалынып, бекітілсін. /ДТЖЖО А. Тілен/
2. Мектеп пен ата – аналар арасындағы байланысты күшейту әр сыныптар бойынша жүргізілсін./Педагог ұйымдастырушы. Тәлімгер. Сынып жетекшілер /
3. Әр сыныптардағы ата – аналар кеңесінің төрағалары мен төрайымдары сынып жетекшілері мен пән мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушылардың оқу – тәрбие мәселелері бойынша, оқушылардың күнделікті сабаққа қатысуы, оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, себепсіз сабақтан қалған оқушылармен жұмыс, мектеп формасы, балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтау бойынша тиісті жұмыстар атқарылсын. /Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер, Ата – аналар кеңесі, Сынып жетекшілер, Педагог – психолог, Әлеуметтік педагог./
4. Айына бір рет барлық 1 – 11 сыныптар арасында әр сыныптарда ата – аналар жиналыстары өткізіліп отырылсын./Ата – аналар кеңесі, сынып жетекшілер/
5. Оқушыларды патриоттыққа, адамгершілікке тәрбиелеу, бос уақытын тиімді ұйымдастыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында мектептегі үйірмелер мен спорт секцияларына қатысуы қамтамасыз етілсін./ Сынып жетекшілер, Үйірме, спорт секция жетекшілері, Ата – аналар кеңесі/
6. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Тәрбиенің 8 басым бағыттары, тәрбиелік мәні бар тақырыптарда тәрбие, сынып сағатты өткізілсін, сыныптардағы «Өзін – өзі басқару ұйымы», «Қыздар», «Ұлдар» арасындағы жұмыстар жандандырылып, балалардың жол, өмір қауіпсіздігі, экологиялық білім беру, сыбайлас жемқорлықтың, қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, қатыгездік пен зорлық – зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, зиянды заттардың алдын алу бойынша жүйелі түрде іс – шаралар атқарылып, ата – аналардың қатысуымен кездесулер, дөңгелек үстелдер,

- пікірсайыстар өткізіліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілсін. / Сынып жетекшілері, Ата аналар кеңесі, Өзін өзі басқару ұйымы/
7. Мектептегі «Әкелер» мен «Аналар» мектебі клубының жұмысы жандардырылып, мектеп оқушылары мен ата – аналар, мектеп ұжымының қатысуымен түрлі тақырыптарда бірлескен кездесулер, дөңгелек үстелдер, сайыстар, ойындар т.б. өткізілсін. /Педагог ұйымдастырушы, тәлімгер/
8. Ата – аналар мен оқушылар арасында сыбайлас жемқорлықтың, қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, қатыгездік пен зорлық – зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, зиянды заттардың, бопсалаудың, әлімжеттіктің алдын алу, балалардың ерекше жағдайын анықтау бойынша анонимді психологиялық сауалнамалар алынып, нәтижесі шығарылып, психологиялық кеңестер беріліп, тренингтер, коучинг сабақтары жүргізілсін. /Педагог – психолог М. Асельбаева, Әлеуметтік педагог, Ата – аналар кеңесі, Сынып жетекшілер/
9. Отбасылық құндылықтарды сақтау, ата-ана мен бала арасындағы түсініспеушіліктің алдын алу, тіл табысып кетуіне ықпал ету, ата – анасына баласының жақсы жақтарын мақтау, насихаттау мақсатында ата-аналарға хат жазу іс-шарасы сыныптарда ұдайы ұйымдастырылып отырылсын. /Сынып жетекшілер/
10. Мектепте ай сайын жоғары сынып оқушыларының, ата – аналар кеңесінің қатысуымен қылмыс пен құқықбұзушылықтың, ертежүктіліктің, аутодеструктивті мінез – құлықтың, қатыгездік пен зорлық – зомбылықтың, жыныстық тиіспеушіліктің, зиянды заттардың, бопсалаудың, әлімжеттіктің алдын алу мақсатында жиналыстар өткізіліп отырылсын. / ДТЖЖО, Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер, Педагог – психолог, Әлеуметтік педагог/
11. Мектепте аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу мақсатында түзету-дамыту, психологиялық ағарту жұмыстары, жеке және топтық психологиялық кеңестер ұйымдастырылсын, өмір сүру қауіпсіздігіне бағыттау, өмірді бағалауға деген қарым-қатынасқа байланысты интерактивті сабақтар өткізіліп, тренингтер жүргізілсін, Кибербулинг. Интернет желісін тиімді пайдалану мақсатында оқушыларға түсіндірме жұмыстары ұдайы жүргізіліп, оқушылардың жеке әлеуметтік жағдайлары зерттеліп жұмыстар жүргізілсін. /Педагог – психолог М. Асельбаева, Әлеуметтік педагог/
12. Мектепте ата – аналар, оқушылар, мұғалімдер арасында денсаулықты нығайту, салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында түрлі тақырыптарда спорттық жарыстар, сайыстар, эстафеталық ойындар т.б. өткізу ұйымдастырылсын. /Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Н.Аман. А. Қожаналиев. Н. Илияс, АӘД жетекшісі К. Игиликов, Ата – аналар кеңесі/
13. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары А. Тіленге жүктелсін

Мектеп директоры  А.Қамбарова






Мектеп директоры
А.Қамбарова
«09» қаңтар 2024 ж.

**№ 117 «АЛТЫНТӨБЕ» ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІНІҢ
«ҮШТІК ОДАҚ: МЕКТЕП. ОҚУШЫ. АТА-АНА.» ҮНТҮМАҚТАСТЫҒЫН
НЫҒАЙТУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР
ЖОСПАРЫ**

ШЫМКЕНТ – 2024 ж

«Үштік одақтың» құрамының схемасы



Мақсаты:

1. Ата-аналардың мектеппен байланысын қалыптастыру. Отбасындағы бала тәрбиесіндегі қателіктердің алдын-алу;
2. Психолого-педагогикалық білім бере отырып, ата-ананың бала тәрбиесіндегі тәжірибесін арттыру;
3. Ата-анаға әрбір пән мұғалімдерімен жеке-жеке кездесуге, оқу және тәрбие жағдайларымен танысуға мүмкіндік туғызу.

Нәтиже:

- ата-аналарды балаларының оқу еңбегінің нәтижелері туралы хабардар болады;
- ата-аналардың балаларының оқуына көмекті дұрыс ұйымдастыруды үйренеді;
- сыныппен қызықты іс-шараларды ұйымдастыруға ата-аналардың ынтасы көтеріледі;
- ата-аналардың психологиялық-педагогикалық мәдениеті көтеріледі;
- ата-ана мен мектеп арасында тығыз қарым-қатынас орнайды;

№	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепте Үштік одақ құру, «Мектеп-оқушы-ата-ана» бағытында жоспар бекіту, нақты іс-шараларды жүзеге асыруды жоспарлау	Қаңтар	ДТЖОЖО А. Тілен
2	Мектепте «Мектеп-оқушы-ата-ана» бағытындағы Үштік одақ ережесін бекіту	Қаңтар 1 аптасы	Мектеп әкімшілігі
3	Мектепте «Ұлағат» ата-аналар университетін құру, лекцияны жоспарлау, лекция кестесін бекіту, отырысын өткізу, жетекшісін сайлау.	Қаңтар 1 аптасы	ДТЖОЖО Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер
4	«Әкелер» және «Аналар» клубын құру, жоспарлау, лекториялар мен іс-шаралар жоспарын бекіту, жетекшілерін сайлау	Қаңтар 1 аптасы	Мектеп әкімшілігі Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер
5	«Ашық есік күнін» өткізу. Ата – аналар әрбір пән мұғалімдерімен кездеседі (балаларының бағаларымен, сабақ барысымен танысып, ұстаздарға өз өтініштері мен ұсыныстарын жеткізеді)	Айына бір рет	Мектеп әкімшілігі
6	Мектеп басшысы, «Ұлағат» ата-аналар университетінің төрағасы, Мектеп Парламентінің Президентінің «Мектеп – бақыт мекені» кездесуін тікелеу эфирде ұйымдастыру	Қаңтар 2 аптасы	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер
7	15 қыркүйек - Отбасы күніне орай /2-4, 5-7/ сыныптар арасында жанұялық спорттық эстафета	Қаңтар 2 аптасы	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Үштік одақ
8	Ата-аналарға «Ата-анаға кеңес: жаңа ортаға бейімделу» семинар-тренинг өткізу	I-ші тоқсан	Педагог – психолог Үштік одақ
9	Ата-аналарға kitapp.space платформасымен жұмысты ұйымдастыру	I-ші тоқсан	Мектеп әкімшілігі Мектеп кітапханашысы
10	Құндылықтарға негізделген тәрбие сағаттарын Үштік одақ мүшелерімен өткізу	Тоқсан бойы	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Сынып жетекшілер

11	«Психологиялық денсаулық» декадасын өткізу	Әр тоқсанда	Педагог – психолог Медбике
12	«Отбасы – бақыт мекені» қалалық ата-аналар форумын өткізу	Қараша	Әдістемелік орталық, мектеп басшылары
13	«Аналар» клубының мүшелерімен «Шашбаулы қыз» шарасын өткізу	II-ші тоқсан	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер «Аналар» клубының мүшелері
14	«Әкелер» клубының мүшелерімен «Дені саудың – жаны сау» спорттық шарасын ұйымдастыру	II-ші тоқсан	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер «Әкелер» клубының мүшелері
15	2-11 сынып ата-аналарына тоқсанның қорытындысы бойынша педагогикалық консилиум ұйымдастыру, үлгермеуші оқушылардың ата-анасымен, дарынды оқушылардың ата-анасымен алқалық кездесу өткізу	Әр тоқсан	Мектеп әкімшілігі Үштік одақ
16	«Мамандық тандау бағыты» бойынша, жоғары сынып оқушыларын /8-9 сынып/ түрлі өндіріс орындарына саяхат, экскурсия ұйымдастыру: «Ата-анамның жұмыс орны» акциясын жариялау	II-ші тоқсан	Мектеп әкімшілігі Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Үштік одақ
17	«Қайырымдылық» жәрмеңкелерін өткізу, мектептегі әлеуметтік топтағы оқушылардың қосымша білім алуына, республикалық деңгейдегі сайыстарға баруына қайырымдылық көмекті ұйымдастыру	III-ші тоқсан	Мектеп әкімшілігі Әлеуметтік педагог Қамқоршылық кеңесі Үштік одақ
18	Жаһандық жаңғырту бағытында «Табысқа жету жолдары», «Мақсат қоя біл!», «Уақытты тиімді пайдалануды үйрен» тақырыптарында Үштік одақ мүшелерінің оқушылардың жас ерекшелігін ескере отырып тренингтер желісін ұйымдастыру	III-ші тоқсан	Мектеп әкімшілігі Педагог – психолог Үштік одақ
19	Ата-аналарды отбасылық кітап оқуға шақыру: «Отбасымызбен оқимыз!» акциясын жариялау	III-ші тоқсан	Мектеп кітапханашысы Үштік одақ
20	Волейболдан «Достық-2023» турнирі: көршілес мектептің «Әкелер» клубының мүшелерімен сайыс ұйымдастыру	III-ші тоқсан	Дене тәрбиесі пәні мұғалімдері Үштік одақ
21	Үштік одақ мүшелері арасында интеллектуалды сайыстар желісінің кестесін жасау	Жыл бойы	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Үштік одақ

22	Мектепшілік атаулы мерекелерге арналған іс-шараларға белсене қатысу, ұйымдастыру, талдау	Жыл бойы	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Үштік одақ
23	Бітіруші түлектердің ата-аналарымен кездесу өткізу. Мектеп бітіру кештерін ұйымдастырмау туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізу.	Сәуір	Мектеп әкімшілігі Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер
24	Мектептің көгалдандыру жұмыстарына қатысу, «Менің ағашым», «Жасыл мектеп» акцияларына белсене араласу, ата-аналар арасында сенбіліктер ұйымдастыру	ІУ тоқсан	Мектеп әкімшілігі Шаруашылық меңгерушісі Үштік одақ
25	Кітаптар жәрмеңкесін ұйымдастыру, «Мектепке кітап сыйлаймыз!» акциясын жариялау	ІУ тоқсан	Мектеп кітапханашысы Үштік одақ
26	Әлеуметтік топтағы отбасымен психологиялық, материалдық көмек көрсету акцияларын ұйымдастыру	ІУ тоқсан	Педагог психолог Әлеуметтік педагог Үштік одақ
27	Кездесу алаңы. Жазғы қауіпсіздік шаралары туралы түсіндіру жұмыстары.	Мамыр	ДТЖЖО Педагог ұйымдастырушы, Тәлімгер Сынып жетекшілер
28	Тәртібінде қиындығы бар оқушының ата-аналарына кеңес беру күнін белгілеу	Жыл бойы	Педагог психолог Үштік одақ
29	Мектеп өміріне белсене араласатын, білім сапасы жоғары сынып оқушыларын Оңтүстік өңіріне экосаяхат, тарихи тур, ізденіс жорығы бағыттарында жұмыстар ұйымдастыру	Әр демалыста	Педагог ұйымдастырушы Тәлімгер Үштік одақ
30	«Үштік одақ» мүшелері «Ұлағат» ата-аналар университетінің, «Әкелер» клубының, «Аналар» клубының, мектеп әкімшілігінің жылдық есептерін тыңдайды, қорытынды шығарады.		Мектеп басшысы Үштік одақ Қамқоршылық кеңесі